

Қостанай облысы әкімдігінің 2020 жылғы 26 қазандағы № 373 "Орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 174 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 2 мамырда № 9991 болып тіркелді

Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы әкімдігінің "Орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы" 2020 жылғы 26 қазандағы № 373 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 9512 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін :

тақырып жаңа редакцияда жазылсын:

"Орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиацимиялық, авиациологиялық және аэрозольдік іс-шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу және орман пайдалану құқығын шектеу туралы";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күрес жөніндегі авиацимиялық, авиациологиялық және аэрозольдік іс-шараларды жүргізу кезінде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салынсын және орман пайдалану құқығы шектетілсін."

2. "Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Қостанай облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай облысының әкімі

К. Аксакалов